

**Бастауыш сынып мұғалімдерінің әдістемелік бірлестік отырысының  
№ 3 хаттамасы**

**11.қаңтар 2022 жыл**

Қатысты: 6 Қатыспады: 0

**Күн тәртібі:**

**Баяндама: «Бастауыш сыныпта топтық жұмыстың тиімділігі»**

1. 2-тоқсанның қорытындысы, сапа бағдарламаның орындалуы. «1»-тоқсанның бақылау жұмыстармен салыстыру қорытындысын шығару.

3. Оқу машығын тексеру 2-4 сынып.

4. 1 сынып оқушыларының ана тілі дәптерлері тексеру нәтижесі.

2- сынып мұғалімі Азанова «Бастауыш сыныпта топтық жұмыстың тиімділігі» тақырыбында баяндама оқыды. Сұрақ болған жоқ

**1 сұрақ.**

Кім сөйледі: ӘБ жетекшісі Ә.Е.Ақылбекова және бастауыш сынып мұғалімдері сөйледі.

Тақырыбы және қысқаша мазмұны:

1-4 сыныптардың мұғалімдері 2 тоқсанның қорытындысын және бағдарламаның орындалуын туралы қысқаша айтып шықты. 2-тоқсанның қазақ тілі, математика пәндерінің оқу сапасы мен үлгерімі кестесі тапсырылды және «2»-тоқсанның бақылау жұмыстармен салыстырылды. Барлық сыныптардың оқушылары 2 тоқсанның бағдарламасын меңгерді.

**2 сұрақ**

Кім сөйледі: ӘБ жетекшісі Ақылбекова сөйледі.

Бастауыш сынып әдістеме бірлестігінің «Зерттеу сабақтары» жоспар бойынша өткізілді.

Ашық сабақтар және сыныптан тыс іс шаралар жақсы деңгейде өтті.Барлық бастауыш сынып мұғалімдері тәжірибе алмасу сабақтарына белсенді қатысты.Өткізілген сабақтардың әзірлемелері тапсырылды. Ожсб-ҒА дайындық жағдайын қадағалау.

Келесі жылы 5-сыныпқа сабақ беретін математика пәнінің мұғалімі: Нұрғалиев Е.А мен Шүтенова Шара Қайыржанқызының өзара тәжірибе алмасуларын ескерту

**3 сұрақ.**

2-4 бастауыш сынып оқушылардың ақпан айында оқу машығы тексеріледі. Соның нәтижесі бойынша кемшіліктерін толық айтып, жазған анықтамасымен таныстырылады

2,3,4сыныптарында әкімшілік бақылау жұмыстары алынды. Бақылау жұмыстары бойынша әр сыныптың білім сапасы және үлгерімі жөнінде айтып шықты.

**ӘБ –тің шешімі:**

1.2 тоқсанның нәтижесі бойынша бастауыш сыныптардың сапасының мониторингі тапсырылсын.

2.Келешекте дәптерлер барлық талаптарға сай толтырылсын.

3. Сынып оқушыларының әкімшілік тарапынан келесі тоқсанда бақылау жұмыстары алынсын.Оқушылардың білім деңгейін көтеру пән мұғалімдеріне жүктелсін.

ӘБ жетекшісі Ә.Е.Ақылбекова (Ақылбекова Әлия елтаевна)

## Әдістемелік бірлестіктің №1 хаттамасы

31 тамыз 2022 жыл

Қатысуға тиіс – 6

Қатысқаны – 6

### Күн тәртібінде:

- 1.2022 – 2023 оқу жылында ҚР жалпы орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру;
- 2.2022 - 2023 оқу жылына әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспарын бекіту;
- 3.2022 - 2023 оқу жылына тақырыптық күнтізбе жоспарын бекіту;
- 4.Бастауыш сынып мұғалімі Е.Аққошқаровтың «4-сыныптың қазақ тілі сабақтарына арналған интерактивті ойын-тапсырмалар жинағы» атты авторлық бағдарламасын талдау, ұсыныс.

### Тындалды:

- 1.Мектеп директорының ОІЖО М.Желдібаева 2022 - 2023 оқу жылына ҚР орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстырды.
- 2.Жаңа 2022 - 2023 оқу жылына әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспары талқыланды.
- 3.2022 - 2023 оқу жылына тақырыптық күнтізбе жоспарын бекітуге көрсетті.

### Шешімі:

1. 2022 – 2023 оқу жылына әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспары бекітілсін.
2. 2022 - 2023 оқу жылына тақырыптық күнтізбе жоспарлары бекітілсін.

### Тындалды:

Төртінші мәселе бойынша бастауыш сынып мұғалімі Е.Аққошқаров «4-сыныптың қазақ тілі сабақтарына арналған интерактивті ойын-тапсырмалар жинағы» атты авторлық бағдарламасын таныстырды. Бірлестік мүшелері өз пікірлерін білдіріп, ұсыныстар айтылды.

### Жарыссөз:


- 1.Желдібаева М.Б. мектеп директорының ОІЖО: Ерсайын Құрылысұлының авторлық бағдарламасы 4-сыныпқа арнап жазылған. Сол сыныптың оқу бағдарламасы, күнтізбелік тақырыптық жоспарына сай. Бұрын қолданыста болмаған, оқушы мен мұғалімдерге өте қажетті деген ойдамын.
- 2.Ақылбекова Ә.Е. бірлестік жетекшісі:Е.Аққошқаровтың интерактивті ойын-тапсырмалар жинағымен танысып шықтық. Автор тың идея, оқытудың жаңа тәсілдерін оқу үдерісіне ұсынып отыр. Бұл құрал оқу үдерісіне енген жағдайда пайдалы болары сөзсіз. Сол себепті сараптамалық кеңеске ұсынуды мақұлдаймын,

3. Сұлтанғалиева Ж.Б.: Ерсайын Құрылысұлының авторлық жұмысы ережеге сай негізгі үш бөлімнен құралған. Түсінік хатында мақсаты, міндеті, өзектілігі мен күтілетін нәтиже толық көрсетілген. 8 бөлімге бөлініп, күнтізбелік-тақырыптық жоспары, пайдаланылған әдебиеттер педагог және оқушы үшін көрсетілген. Жаңашылдығы: цифрлық платформалар мен ресурстарды оқушының қолдана білуі, оқу үдерісіне енгізу. Сондықтан аталған жұмысты мектепте апробациядан өткізуге, сараптамалық кеңеске ұсынуды қолдаймын.

**Шешімі:**

1. Е. Аққошқаровтың «4-сыныптың қазақ тілі сабақтарына арналған интерактивті ойын-тапсырмалар жинағы» атты авторлық бағдарламасы сараптамалық кеңеске ұсынылсын.

Бірлестік жетекшісі:  Ақылбекова Ә.

Хатшы:  Азанова Ш.